ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫМЕН
Ш Е Ш І М

2025 жылғы 28 қараша № 3971-25-00-2/4059 Іс Қостанай қаласы

Қостанай облысы ауданаралық мамандырылған экономикалық сотының судьясы Г.Е. Жараспаева, азаматтық істі оңайлытылған іс жүргізу тәртібімен қарағаннан кейін

ТАЛАПКЕР:
«Қазақстан Республикалысы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетіне қарасты «Республикалық ветеринариялық зертхана» шаруашылық жүргізу құқындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорыны жауапкер

ЖАУАПКЕР:
Құралай Әлімұсақызы Арын жеке кәсіпкер («MB sport trade» ЖК)

ТАЛАПКЕРДІҢ ТАЛАПТАРЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатынасушы деп тану туралы

ҚОРЫТЫНДЫ БӨЛІМ:

АПК-тің 223-226 б.б. басшылыққа ала отырып,

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қазақстан Республикалысы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетіне қарасты «Республикалық ветеринариялық зертхана» шаруашылық жүргізу құқындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорыны жауапкер Құралай Әлімұсақызы Арын жеке кәсіпкерге қойған мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатынасушы деп тану туралы талапты қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкері Арын Құралай Әлімұсақызы мемлекетік сатып алудың жосықсыз қатысушысы болып танылсын.

Жеке кәсіпкер Арын Құралай Әлімұсақызынан мемлекет кірісіне 1966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге сомасында мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер, шешім көшірмесі қолына тиген күннен бастап, бес жұмыс күн ішінде оңайлытылған шешім шығарған сот атына осы шешім күшін жою туралы арызын беруге құқылы.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда - сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде апелляциялық тәртіппен тараптар шағым жасауы немесе прокурор наразылық білдіруі мүмкін.

Судья **Жараспаева Г.Е.**

Құжатқа қол қойылған: Жараспаева Г. Е., 28.11.2025

Заңды күшіне енген күні: 06.01.2026, судья Жараспаева Г. Е., 06.01.2026

«Төрелік» ақпараттық жүйесі - Сот өндірісі - Информационная система «Төрелік» - Судопроизводство -

3971-25-3-1/4668